

FTAMP 14.25.19

DOI 10.59941/2960-0642-2025-1-169-179

Сыныптан тыс жұмыс жағдайында оқушылардың икемді дағдыларын дамыту

Л.С. Сырымбетова¹, А.К. Шаймерденова^{*2},
С.К. Абильдина², Мехмет Акиф Созер³

¹Қазтұтынуодағы Қарағанды Университеті, Қарағанды, Қазақстан

²Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
Қарағанды, Қазақстан

³Гази Университеті, Анкара, Туркия Республикасы

*w_aidana_kz@mail.ru



Аңдатпа. Қазіргі заманғы әлемде табысты бейімделу мен даму үшін неғұрлым әмбебап және талап етілетін болып табылатын икемді дағдыларды қалыптастыру дәстүрлі және инновациялық технологиялар жүйесін, білім алушылармен жұмыс істеу әдістері мен нысандарын қолдана отырып, сабақтан тыс жұмыста да жүргізіледі. Осы мақсатқа жету үшін педагогикалық құралдарды таңдау бірінші кезекте білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Білім алушылардың «икеmді» дағдыларын дамыту үшін оңтайлы технологиялар мен жұмыс түрлерін анықтай отырып, біз сабақтан тыс жұмыстардың мақсаттары мен ерекшеліктерін, сондай-ақ оның түрлерін қарастырдық. Ойын технологиясы жаңа дағдыларды игеруге ықпал ететін оқытудың тиімді әдісі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты квиз-ойындардың танымал педагогикалық феноменіне талдау жүргізілді. Ол білім алушылардың «икеmді» дағдыларын тиімді дамытады. Бұған эмоциялық тарту, стандартты емес жағдай, оқу процесінде алынған білімді қолдану мүмкіндігі, сондай-ақ командалық жұмыс, коммуникация, сыни ойлау және стандартты емес ойлау дағдыларын жетілдіру ықпал етеді. Сондықтан да осы маңызды дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде квиз ойындары таңдалды. Осылайша, зерттеу барысында біз білім алушылардың «квиз» форматындағы зияткерлік ойындарға қатысуы мен оларда ынтымақтастық, қарым-қатынас, шығармашылық және сыни ойлау сияқты құзыреттіліктердің жоғары деңгейде қалыптасуының өзара байланысын анықтадық.



Түйінді сөздер: икемді дағды, ынтымақтастық, қарым-қатынас, шығармашылық, сыни ойлау.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Сырымбетова, Л.С., Шаймерденова, А.К., Абильдина, С.К., Созер, М.А. Сыныптан тыс жұмыс жағдайында оқушылардың икемді дағдыларын дамыту [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №1. – Б. 169-179.

Кіріспе

Жылдам өзгерістер әлемінде, жаһандану мен технологиялар дәуірінде қоғам азаматтардың жас ұрпағының күрделілігі мен алуан түрлілігімен сипатталатын жағдайларда жұмыс істей алуын талап етеді. Білім беру жүйесінің алдына күрделі міндет қойылды. Ол еңбек нарықта

жұмыс істей алатын, соған қажетті дағдылары мен білімі бар білім алушылар мен студенттерді даярлау [1]. Сондықтан бүгінгі таңда көптеген зерттеушілер өмір бойы жетістікке жетуді қалайтын әрбір тұлғаға қажет «кәсіби емес» дағдыларды білдіретін білім алушының икемді дағдыларын қалыптастыру және дамыту мәселесімен белсенді айналысады.

«Икемді дағдылар» – 2013 жылдан бері танымал болған жаңа ұғым. Бұл дағдылар менеджмент саласындағы жұмысшылар үшін ерекше маңызды құзыреттер жиынтығын білдіреді [2]. Уақыт өте келе «икемді» дағдылар ұғымы тұлғааралық қарым-қатынасты қажет ететін барлық мамандықтарға таралды, сонымен қатар, білім берудегі маңызды трендке айналды. Икемді дағдылар – бұл қосымша білім, дағдылар және жеке қасиеттер. Олар белгілі бір кәсіптің ерекшелігіне тәуелді емес, бірақ болашақ мансапты құруға көмектеседі [3]. Қазіргі уақытта бұл терминнің көптеген анықтамалары бар және олар бір-біріне қайшы келмейді. «Икемді» дағдыларды тереңірек түсіну үшін біз бірнеше анықтамаларды қарастырамыз:

- жұмыстың тиімділігіне және адамдармен қарым-қатынасқа ықпал ететін бірыңғай дағдылар мен жеке қасиеттерді дамутуды басқару. Осындай дағдыларға алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары, уақытты дұрыс бөлу, сендіру, келіссөздер жүргізу және көшбасшылық жатады [4];
- адамның қосымша білім мен жеке өмірлік тәжірибесі арқылы алған дағдыларын одан әрі кәсіби өсу үшін пайдаланады [5].

2016 жылы Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумда (ДЭФ) «икемді» дағдылардың тұжырымдамасы жасалды [6].

Бұл тізім «XXI ғасырдың дағдыларына арналған серіктестік» американдық коммерциялық емес ұйымы әзірлеген «4C» негізгі құзыреттілік жүйесінің негізі болды. «4C» атауы төрт негізгі құзыреттіліктің бірінші әріптерінен шыққан: ынтымақтастық (collaboration), қарым-қатынас (communication), шығармашылық (creativity) және сыни ойлау (critical thinking) [7].

«4C» жүйесі қазіргі әлемде табысты бейімделу және даму үшін қажетті әмбебап және сұранысқа ие құзыреттердің оңтайлы үйлесімі болып саналады.

Жалпы айтқанда, білім алушылардың «4C»

дағдыларын, атап айтқанда, қарым-қатынас, ынтымақтастық, шығармашылық және сыни ойлау сияқты дағдыларын дамыту үшін бірнеше маңызды сәттерге назар аудару қажет. Біріншіден, әркім өз ойын еркін жеткізе алатын, жаңа шешімдер іздей алатын және қателесуден қорықпайтын сыныпта жақсы атмосфера құру маңызды. Кез-келген жастағы білім алушының пікірі құнды және құрметке лайық екенін білуі керек.

Икемді дағдыларды кез келген жаста дамытуға болады, бірақ адамның дамуындағы секемшіл (сензитивті) кезеңді – оның психологиялық ерекшеліктері мен мінез-құлқын қалыптастыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар кезеңін ескеру маңызды. Авторлардың ойынша, тығыз ынтымақтастықты, топтағы немесе ұжымдағы өзара іс-қимылды, жалпы істегі табысты қамтамасыз ететін дағдылар мен құзыреттерді меңгеру бастауыш мектеп жасында дамытылуы тиіс [8].

Материалдар мен әдістер

Сабақтан тыс жұмыстар деген мектеп шеңберінде сабақтан тыс уақытта, педагог ұйымдастыратын және оны жүргізетін, сонымен қатар білім алушыларға білім беру мен тәрбие жұмысы ретінде айқындалады. Оның барысында жеке тұлғаның дамуына жағдай жасалады, білім алушының танымдық белсенділігі, коммуникативті дағдыларын қалыптастырылады, әлеуметтену процесі жүзеге асырылады [9]. Мектептегі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үшін сабақтан тыс жұмыстар педагог үшін әрқашан маңызды болған.

Сабақтан тыс жұмыстар бірнеше түрге бөлінеді: ғылыми, ойын-сауық, көркем, туристік, спорттық, әлеуметтік, маңызды тақырыптар бойынша қарым-қатынас, қоғамдық жұмыс және білім алушылармен рухани жұмыс. Көптеген педагогикалық технологиялар мен жұмыс түрлері бар. Олардың кейбіреулері кез-келген сабақтан тыс жұмыстарға жарамды және оларды әр түрлі жастағы білім алушылар тобымен бірге қолдануға болады. Оларға ойын технологиясы да жатады.

Ойын – оқу мен білімнің маңызды түрі. Оның бірнеше функциялары бар:

- Оқыту функциясы оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі.
- Дамыту функциясы оқушының психикалық қабілетін жақсартуға ықпал етеді.
- Тәрбиелік функция білім алушының жеке қасиеттері мен жалпы мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Ойынмен өзара әрекеттесу арқасында қатысушылар мен педагог арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Бұл бейресми жағдайда болады. Бұл барлығына өздерін еркін сезінуге және ең жақсы қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сабақтан тыс ойын технологиясы өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік береді және бәсекеге қабілетті элементті қамтиды. Сабақтан кейін спорттық немесе интеллектуалды жарыстарға қатысу арқылы білім алушы өзінің төмен бағаларға алаңдамайды. Жеңіске деген ұмтылыс оған ойынға белсенді қатысуға көмектеседі.

Қарағанды қаласының мектебінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік. Мектепте сабақтан тыс жұмыстардың әртүрлі түрлері бар: спорттық-сауықтыру, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, жалпы мәдени, жалпы зияткерлік.

Мұғалімдер сабақ барысында білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескереді және жұмыстың жеке және топтық формаларын біріктіреді. Олар теорияны практикамен байланыстырады, сабақтарды қол жетімді және көрнекі етеді, сонымен қатар студенттерге белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға көмектеседі. Мектепте дөңгелек үстелдер, экскурсиялар, конференциялар, олимпиадалар, жарыстар, ғылыми зерттеулер сияқты сабақтан тыс іс-шаралар жиі өткізіледі. Сондай-ақ, түрлі ойындар өткізіледі: іскерлік, шығармашылық, кәсіптік бағдар беру және т.б.

Мектептің дәстүрлері мен педагогикалық принциптерін ескере отырып, жазушылардың, ғалымдар мен суретшілердің ме-

рейтойларына, халықаралық оқиғаларға байланысты түрлі зияткерлік ойындар өткіздік.

Квиз – ойындар тақырыптары білім алушылардың жасын, олардың қызығушылықтарын және пәндік бағдарламаны зерделеу барысында алынған, пән бойынша білім деңгейін ескере отырып таңдалды.

Оқушыларда «икемді» дағдыларының дамуын анықтау үшін квиз-ойындар шеңберінде «4С» жүйесінің құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін анықтауға көмектесетін сауалнама жасалды. «Икемді» дағдылар сияқты көрсеткіштерді өлшеу қиын, сондықтан сауалнамамен бірге біз бақылау әдісін қолдандық. Бұл әдіс білім алушыларда әрбір құзыреттіліктің көрінісін неғұрлым толық, серпінді және объективті зерттеуге мүмкіндік береді.

Сауалнама келесі сұрақтарды қамтиды: «Командада жұмыс істегенде талқылауға қосылу оңай», «Әңгімелесушіні көндіре алмайтын болсам, ашуланамын», «Менің пікірім әңгімелесушінің пікіріне қарама-қайшы болса да, мен оны соңына дейін шыдамдылықпен тыңдаймын», «Мен тапқырлықты талап ететін ерекше тапсырмаларды шешуге қызығушылықпен қараймын», «Маған тапсырмалардың мәтінін бірден түсіну қиын - оны бірнеше рет ойланып оқығаннан кейін түсінемін», «Топта жұмыс істегенде жұмыстың қандай бөлігін өзіме ала алатынымды тез түсінемін», «Егер сабақтың тақырыбы қызықты болса, ол туралы ақпаратты іздеп, оны мұғалімнен алған оқулықпен салыстырып, көбірек ақпарат білгенді ұнатамын». Жауаптар келесі нұсқалармен ұсынылды: а) иә (әрқашан); б) жиі, бірақ әрқашан емес; в) кейде, бірақ жиі емес; г) жоқ (ешқашан). Сауалнама соңында қатысушылар өздері қатысқан квиз - ойын атауларының тізімі ұсынылды. Оқушылар өздері қатысқан ойындарды белгілеуі керек болды.

Нәтижелер мен талқылау

Сауалнама нәтижелерін төрт шкаланың сандық көрсеткіштері арқылы түсіндіру-

ге болады: «ынтымақтастық», «қарым-қатынас», «шығармашылық», «сыни ойлау». Егер білім алушылар келесі жауаптарды белгілесе, баллдық шкаласы осындай болады: «А» - 2 балл, «Б» және «В» - 1 балл, «Г» - 0 балл. Жауаптарды талдау қатысушылардың «икемді» дағдыларының қандай деңгейде дамығанын анықтауға көмектеседі.

«Ынтымақтастық» шкаласының деңгейі бойынша білім алушының өз уақытын тиімді бөлуінде және командада жұмыс істеуінде қаншалықты шебер екенін көрсетеді.

«Қарым-қатынас» шкаласы эмоционалды тұрақтылықты, тыңдау және талқылауға қатысу қабілетін бағалайды. Табысты болу үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болу керек [10]. Бұл нақты адамның жеке басын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [11].

«Шығармашылық» шкаласы бойынша көрсеткіштер баламалы шешімдерді табу және объектілердің жаңа сипаттамаларын пайдалану қабілетін көрсетеді.

«Сыни тұрғыдан ойлау» құзыреттілігінің нәтижелері ақпаратты дұрыс түсіндіру және әртүрлі көзқарастарды талдау қабілетін көрсетеді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс білім алушылардың «икемді» дағдыларды дамытуға арналған қажетті шарттар тобын анықтады. Квиз ойындарын өткізу кезінде осы шарттар білім алушылардың барлық топтарына қамтамасыз етілді.

Ұйымдастырушылық шарттар. Тәртіп пен командада тиімді жұмыс істеу үшін қатаң, бірақ қарапайым ережелер бар. Оларды бұзғаны үшін команда жинаған ұпайларын жоғалтады. Жүргізуші командалардың ойынға дайындығын бағалау үшін барлық қатысушылардың ережелерді түсінетініне көз жеткізуі керек

Ойын ережелерінен басқа командаларға топтық жұмыс бойынша нұсқаулар берілді. Атап айтқанда, оларға жауаптарды бланкіге кім тіркейтінін және сигнал

беру картасын кім көсететінін алдын-ала анықтау ұсынылды. Бұл ойын басталғанға дейін рөлдерді бөлу үшін команданың ішкі жағдайын белсендіруге көмектеседі

Мотивациялық шарттар. Қатысушыларды ынталандыру үшін квиз-ойында команданы ұсынатын сыныпқа «Үздік сынып» атты мектептік рейтингінде ескерілетін жүлделі ұпайлар болды. Бұл рейтингтің қорытындысы дәстүрлі түрде оқу жылының соңында шығарылады. Сонымен қатар, барлық қатысушы командалар ойынға қатысқандары үшін дипломдар алады. Үш раундтың нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған команда әр түрлі сыйлықтармен марапатталады

Жүйелік-белсенділік шарттары. Квиздерге арналған сұрақтар мен тапсырмалар білім алушылардың жасын және оқу бағдарламаларын ескере отырып әзірленген. Сабақта алған білімдерін ойында дұрыс қолдану, өзін-өзі бағалауды және оқуға деген ынтаны арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, сабақ мақсаттары мен сабақтан тыс жұмыстардың бірлігін қамтамасыз етеді. Квиз сценарийінде түсініксіз терминдер қолданылмайды, тек оқушылар сабақ барысында оқыған сөздер қолданылады.

Психологиялық шарттар. Командаларды сәтті қалыптастыру үшін еріктілік қағидасын сақтау маңызды. Команданы ұйымдастыруды сынып жетекшісінің қолдауымен жүзеге асырылады. Бұл команда құрамдардың біртектілігін, іс-шараларға қатысушылардың біртектілігін және нәтижесінде рөлдерді бөлу, талқылау және шешім қабылдау кезінде олардың топтағы жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді.


Ойын барысында жүргізуші мен қатысушылар арасында күнделікті қарым-қатынасқа жақын қатынас сақталды. Сонымен бірге ойынның басында жарияланған ережелер қатаң сақталды. Қатысушылардың қателіктері сынсыз бағаланды, ал кішігірім жетістіктер көтерімденді. Жүргізуші әр командаға қателесу құқығын берді, осылайша білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен эмоционалды тұрақтылығын қалыптастыруға ықпал етті.

Квиз-ойын технологияларын қолдана отырып, сабақтан тыс жұмыстарды жүзеге асыру барысында ұйымдастырушылық, жүйелік-белсенді, психологиялық және мотивациялық жағдайлар кешенінің әсерін ескеру қажет. Бұл факторлар білім алушыларды «ікемді» дағдыларды дамыту үшін қолайлы жағдай жасауы керек. Бұған нақты ережелер, түсінікті сұрақтар, өз ерікімен қатысу және белсенділікті ынталандыру ықпал етеді.

Сауалнама нәтижелерін талдағаннан кейін біз сыналушылар тобының деректерін сауалнамадан өткен қалған қатысушылардың нәтижелерімен салыстырдық. Түсінуге ыңғайлы болу үшін нәтижелерді

төрт санат бойынша ұйымдастырдық: «ынтымақтастық», «қарым-қатынас», «шығармашылық», «сыни ойлау».

Екі топта да қатысушылардың жартысынан астамы рөлдерді бөлу және командадағы жұмысты талқылау дағдыларының орташа деңгейін көрсетті (64,4% және 69,9%). Квиз-ойындарына жиі қатысқан (Б) респонденттер топтық өзара іс-қимыл кезінде қарым-қатынастың біршама жоғары деңгейін көрсетті. «Ынтымақтастық» дағдысының төмен деңгейінің көрсеткіштеріндегі айырмашылық анағұрлым айқын көрінді: -7,1% (А 31,4%; Б 24,3%) (1-сурет).



Дереккөз: Google сауалнамасы

Ескертпелер: А-квиз-ойындарға үш реттен артық қатысатын респонденттер


Б-квиз-ойындарға екі реттен артық емес қатысатын респонденттер

1-сурет – Ынтымақтастық дағдыларының салыстырмалы көрсеткіштері

Нәтижелер екі топтағы қатысушылардың көбінде қарым-қатынас жасау дағдысы орташа деңгейде екенін көрсетті. Көбінесе квиз ойындарын ойнайтындар басқаларға қарағанда жақсырақ. Квиз ойнайтын қатысушылардың орта деңгейі-

інің пайыздық көрсеткіші 82,4%. Сабырлы болып, мұқият тыңдай алатындар аз. Топтың ішінде тек 1 адам (6,6%) және қалған 2 оқушы (3,2%) мұны жақсы көрсетті. Квиз-ойындарға сирек қатысатын оқушылардың қарым-қатынас дағдылары жиі

қатысатындарға қарағанда төмен екенін пайыз орта деңгей (2-сурет).
көрсетті: -2,7 пайыз ө жоғары деңгей; -5,9



Дереккөз: Google сауалнамасы


Ескертпелер: А-квиз-ойындарға үш реттен артық қатысатын респонденттер

Б-квиз-ойындарға екі реттен артық емес қатысатын респонденттер

2-сурет – Қарым-қатынас дағдыларының салыстырмалы көрсеткіштері

Негізінен, сауалнама екі топта креативті ойлау дағдысының өте төмен деңгейін көрсетті (А-тобы: 55,8% және Б-тобы: 71,5%). Бірақ квиз-ойындардың белсенді қаты-

сушылардың арасында креативті ойлау қабілеті сыныптастарына қарағанда біршама жақсы дамыған: + 0,3 %; + 15,4% (3-сурет).



Дереккөз: Google сауалнама


Ескертпелер: А-квиз-ойындарға үш реттен артық қатысатын респонденттер

Б-квиз-ойындарға екі реттен артық емес қатысатын респонденттер

3-сурет – Шығармашылық дағдылардың салыстырмалы көрсеткіштері

Барлық сұралғандар сыни ойлауға бейімділіктің орташа және төмен деңгейін көрсетті. Бұл ретте таңдалған топ (Б-тобы) респонденттерінің жауаптарын талдау нәтижелері сыналушылардың А-тобына қарағанда едәуір жоғары болып

шықты. Мысалы, соңғы шкала бойынша көрсеткіштердің төмен деңгейі тек 35,4% квизға қатысушыларда ғана анықталған, ал қалған сынып оқушылары (78,9%) бұл дағдыны қанағаттанарлық дәрежеде меңгермеген (4-сурет).



Дереккөз: Google сауалнама


Ескертпелер: А-квиз-ойындарға үш реттен артық қатысатын респонденттер

Б-квиз-ойындарға екі реттен артық емес қатысатын респонденттер

4-сурет – Сыни ойлаудың салыстырмалы көрсеткіштері

Жалпы алғанда, таңдалған төрт санат бойынша икемді дағдылар деңгейі квиз-ойындарға жиі қатысатын респонденттердің жоғары көрсеткіштерді көрсететінін анықтадық: +0,9% (жоғары деңгей),

+11,8% (орташа деңгей) және - 11% (төмен деңгей). Осыдан келіп шығатыны, білім алушылардың икемді дағдыларын дамытуда квиз-ойынның зор әлеуеті бар екені көрсетіледі (5-сурет).



Дереккөз: Google сауалнама

Ескертпелер: А-квиз-ойындарға үш реттен артық қатысатын респонденттер

Б-квиз-ойындарға екі реттен артық емес қатысатын респонденттер

5-сурет – Білім алушылардың икемді дағдылары деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Сонымен, көрсеткіштердің оң динамикасы оқу процесінде қолданылуы оқушылардың оқу материалын, материалды жақсы меңгеруіне ықпал ететін квиз-ойындардың педагогикалық әлеуетін жандандыруды қамтамасыз етеді. Олардың сыни тұрғысынан ойлауын, шешім қабылдау қабілетін, ынтымақтастық, коммуникация және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын дамытады. Оның үстіне, квиздерге арналған мәселелерді өзірлеу педагогтардың да, оқушылардың да шығармашылық ойлауын ынталандыра алады. Оқушылар өз білімдері мен дағдыларының деңгейін түсінгенде, кері байланыс орнату маңызды болып табылады. Осы проблеманы зерттеушілерден кейін [12-14] оқу процесіндегі квиз ойындары оқушылардың мотивациясын арттырады, білімді нығайтуға және жүйелеуге көмектеседі, жады мен назарды дамытады, сондай-ақ меңгерілген материалды өмірде пайдаланылуы мүмкін деп есептейміз. Сондай-ақ бұл ойындар әртүрлі тақырыптарға және оқушылардың жас топтарына бейімделеді, бұл оларды әртүрлі оқу контекстерінде пайдалануға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, квиз-ойындар білім беру процесінде білімді меңгеруге ғана емес, табысты оқу үшін қажетті әртүрлі дағдыларды дамытуға да ықпал ететін тиімді құрал болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында нәтижелер біркелкі болғанын атап өткен жөн. Жалпы интеллектуалдық квизаларға үнемі қатысқан білім алушылар «икемді» дағдылардың даму көрсеткіштерінің төрт шкаласының әрқайсысы бойынша олардың құрдастарына қарағанда анағұрлым жоғары нәтижелер көрсетеді. Алайда, таңдалған топ респонденттерінің басым көпшілігі ынтымақтастық, қарым-қатынас, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын жоғары деңгейде меңгермейтіні белгілі.

Мектептегі сабақтан тыс жұмыс бірқатар ұйымдастырушылық қағидаттарға негізделеді: оны жүзеге асыру кезінде білім

алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, теория мен практиканы үйлестіру, оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруды қамтамасыз ету қажет. Ол мектептегі сабақтар сияқты мақсаттарға бағынуға, олардың тікелей жалғасы мен толықтыруы болуға тиіс. Сабақтан тыс жұмыстың қажетті қағидаттары мен шарттарын сақтай отырып, педагог білім алушылардың оқу мотивациясы мен өзін-өзі бағалауын, диалогты тиімді жүргізу, оқу міндеттерімен жұмыс істеу кезінде типтік әдістерді қолдану, өзінің жеке пікіріне ғана емес, ақыл-ойы жұмыс істеуге тура келетін топтың пікіріне сүйене отырып, шешім қабылдау қабілеттерін арттырудан көрінетін оң нәтижелерге қол жеткізуге сенім арта алады.

Жүргізген эксперименттік жұмыс принциптердің бірі еріктілік принципі болды. Бұл зияткерлік квиз-ойындарға кездейсоқ таңдалған оқушылар емес, өзін-өзі дамытуға бағытталған, өзін-өзі бағалауы мен коммуникация дағдылары жеткілікті дамыған, оқу және сабақтан тыс қызметтің белсенді субъектілері болып табылатын дәлелді оқушылар қатысқанын білдіреді. Осылайша, зерттеу барысында білім алушылардың «квиз» форматындағы зияткерлік ойындарға қатысуы мен оларда ынтымақтастық, қарым-қатынас, шығармашылық және сыни ойлау сияқты құзыреттіліктердің қалыптасуының жоғары деңгейінің өзара байланысын анықтадық.

Қолданылған деректер тізімі

1. Rongraung, S., Somprach, K., Khandap, J., Sitthisomjin, J. Soft Skills for Private basic Education Schools in Thailand. Procedia - Social and Behavioral Sciences. 2014, Vol.112, P. 956-961. DOI:10.1016/j.sbspro.2014.01.1254.
2. Сорокопуд, Ю.В., Амчиславская, Е.Ю., Ярославцева, А.В. «Soft skills» (мягкие навыки) и их роль в подготовке специалистов. Мир науки, культуры, образования. 2021. № 1 (86). С. 194-196. DOI: 10.24412/1991-5497-2021-186-194-196.
3. Mukhametkairov, A.E., Kudysheva, A.A., Kulsharipova, Z.K., Syrymbetova, L.S., Shaimerdenova, A.G. - Development of soft skills of high school students as an opportunity to implement the requirements of modern education [Текст]. Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. 2023. № 1(109) С. 108-116. <https://doi.org/10.31489/2023Ped1/108-116>.

4. **Татаурщикова, Д.** Soft skills: самое важное о гибких навыках. [Электронный ресурс]. URL: <https://4brain.ru/blog/soft-skills/>.
5. **Давидова, В.** Слушать, говорить и договариваться: что такое soft skills и как их развивать. [Электронный ресурс]. URL: <http://theoryandpractice.ru/posts/11719-soft-skills>.
6. **Chavan, S.W.** The importance of soft skills. International Journal of Science and Research. 2020. – P.625.
7. **Ермаков, Д.С.** «Гибкие» навыки в школьном образовании // Народное образование. 2020. № 5 С. 165-172.
8. **Sarsekeyeva, Zh.Ye., Skakova, A.K.** Determinants of formation primary school students' soft skills [Text]. // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. 2020. №2. P.16-24.
9. **Лингевич, О.В.** Организация внеурочной деятельности в образовательных учреждениях [Электронный ресурс]. // Международный научный журнал «Символ науки». 2016. № 9. С. 80-83.
10. **Gilland, S.** Soft Skills and Technical Expertise of Effective Project Managers. Issues in Informing Science and Information Technology. 2009. P.723 - 729. <https://doi.org/10.28945/1092>.
11. **Schulz, B.** The Importance of Soft Skills: Education beyond Academic Knowledge. Journal of Language and Communication. 2008. Vol. 2(1). P.146-154.
12. **Стадольник, М.А.** Применение метода «квиз» в целях повышения эффективности обучения представителей нового поколения «Z» в условиях выраженного клипового мышления [Электронный ресурс]. // Достижения науки и образования. 2021. № 7. URL: <https://cyberleninka.ru>
13. **Груздова, О.Г., Согласова, Т.А.** Применение квиз-технологии в образовании [Электронный ресурс] // Вестник Пензенского государственного университета, 2022. №3. С.13-19. URL: <https://surli.cc/sgnvwv>
14. **Аристов, Р.А., Тагильцева, Ю.С., Куприянова, И.Н.** Оценка эффективности проведения квиза при реализации трехгодичного проекта совета по качеству образования лечебно-профилактического факультета по работе с абитуриентами [Электронный ресурс] // Материалы V Международной (75 Всероссийской) научно-практической конференции «Актуальные вопросы современной медицинской науки и здравоохранения», 2020. С.325-329. URL: <https://surli.li/vpvcfy>
15. **Мухаметкаиров, А.Е., Кудышева, А.А., Кулшарипова, З.К., Сырымбетова, Л.С., Шаимерденова, А.Г.** - Development of soft skills of high school students as an opportunity to implement the requirements of modern education// Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. 2023. № 1(109)/ С. 108-116. <https://doi.org/10.31489/2023Ped1/108-116>.
16. **Татауршхикова, Д.** Soft skills: самое важное о гибких навыках. [Soft skills: The most important thing about soft skills.] [Elektronnyj resurs]. URL: <https://4brain.ru/blog/soft-skills/>.
17. **Davidova, V.** Clushat', govorit' i dogovarivat'sja: chto takoe soft skills i kak ih razvivat'. [Listen, talk, and negotiate: what are soft skills and how to develop them] [Elektronnyj resurs]. URL: <http://theoryandpractice.ru/posts/11719-soft-skills>.
18. **Chavan, S.W.** The importance of soft skills. International Journal of Science and Research. 2020. – P.625.
19. **Ermakov, D.S.** «Gibkie» navyki v shkol'nom obrazovanii ["Soft" skills in school education] // Narodnoe obrazovanie. 2020. № 5 S. 165-172.
20. **Sarsekeyeva, Zh.Ye., Skakova, A.K.** Determinants of formation primary school students' soft skills [Text]. // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. 2020. №2. R.16-24.
21. **Lingevich, O.V.** Organizacija vneurochnoj dejatel'nosti v obrazovatel'nyh uchrezhdenijah [Organization of extracurricular activities in educational institutions] // Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Simvol nauki». 2016. № 9. S. 80-83.
22. **Gilland, S.** Soft Skills and Technical Expertise of Effective Project Managers. Issues in Informing Science and Information Technology. 2009. P.723 - 729. <https://doi.org/10.28945/1092>.
23. **Schulz, B.** The Importance of Soft Skills: Education beyond Academic Knowledge. Journal of Language and Communication. 2008. Vol. 2(1). P.146-154.
24. **Stadol'nik, M.A.** Primenenie metoda «kviz» v celjah povyshenija jeffektivnosti obuchenija predstavitelej novogo pokolenija «Z» v uslovijah vyrazhennogo klipovogo myshlenija [Application of the "quiz" method in order to improve the effectiveness of training of the representatives of the new Z generation in the conditions of pronounced clip thinking] [Elektronnyj resurs]. // Dostizhenija nauki i obrazovanija. 2021. № 7. URL: <https://cyberleninka.ru>
25. **Gruzдова, О.Г., Согласова, Т.А.** Primenenie kviz-tehnologii v obrazovanii [Application of quiz-technologies in education] [Elektronnyj resurs] // Vestnik Penzenskogo gosudarstvennogo universiteta, 2022. №3. S.13-19. URL: <https://surli.cc/sgnvwv>
26. **Aristov, R.A., Tagil'ceva, Ju.S., Kuprijanova, I.N.** Ocenka jeffektivnosti provenednija kviza pri realizacii trehgodichnogo proekta soveta po kachestvu obrazovanija lechebno-profilakticheskogo fakul'teta po rabote s abiturientami [Evaluating the

References

1. **Rongraung, S., Somprach, K., Khanthap, J., Sitthisomjin, J.** Soft Skills for Private basic Education Schools in Thailand // Procedia - Social and Behavioral Sciences. 2014, Vol.112, P. 956-961.
2. **Sorokopud, Ju.V., Amchislavskaja, E.Ju., Jaroslavceva, A.V.** «Soft skills» (mjagkie navyki) i ih rol' v podgotovke specialistov. [Soft skills" and their role in training specialists.] // Mir nauki,

effectiveness of the quiz in the implementation of a three-year project of the Faculty of Medicine and Preventive Medicine's Council for Quality of Education on the work with applicants] [Elektronnyj resurs] // Materialy V Mezhdunarodnoj

(75 Vserossijskoj) nauchno-prakticheskoy konferencii «Aktual'nye voprosy sovremennoj medicinskoj nauki i zdavooohranenija», 2020. S.325-329. URL: <https://surl.li/vpvcfy>

Формирование гибких навыков учащихся в условиях внеклассной работы

Л.С. Сырымбетова¹, А.К. Шаймерденова^{*2},
С.К.Абильдина², Мехмет Акиф Созер³

¹Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан

²Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Республика Казахстан

³Университет Гази, Анкара, Турецкая Республика



Аннотация. Формирование гибких навыков, являющихся наиболее универсальными и востребованными для успешной адаптации и развития в современном мире, проводится также во внеурочной работе с применением системы традиционных и инновационных технологий, методов и форм работы с обучающимися. Выбор педагогических инструментов для достижения этой цели в первую очередь зависит от возраста обучающихся. Определяя оптимальные технологии и виды работ для развития «гибких» навыков обучающихся, мы рассмотрели цели и особенности внеурочной работы, а также ее виды. Игровая технология рассматривается как эффективный метод обучения, способствующий приобретению новых навыков. В связи с этим был проведен анализ популярного педагогического феномена квиз-игры. Она эффективно развивает «гибкие» навыки обучающихся. Этому способствуют эмоциональное влечение, нестандартная обстановка, возможность применения полученных знаний в учебном процессе, а также совершенствование навыков командной работы, коммуникации, критического мышления и нестандартного мышления. Поэтому в качестве инструмента для формирования этих важных навыков были выбраны квиз-игры. Таким образом, в ходе исследования нами была выявлена взаимосвязь участия обучающихся в интеллектуальных играх в формате «квиз» и формирования у них на высоком уровне таких компетенций, как сотрудничество, коммуникация, творчество и критическое мышление.



Ключевые слова: гибкие навыки, кооперация, коммуникация, креативность, критическое мышление.

Formation of soft skills of students in the conditions of extracurricular activities

L.S. Syrymbetova¹, A.K. Shaimerdenova^{*2}, S.K. Abildina², Mehmet Akif Sözer³

¹Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Republic of Kazakhstan

²Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan

³Gazi University, Ankara, Republic of Türkiye



Abstract. The formation of soft skills, which are the most universal and in demand for successful adaptation and development in the modern world, is also carried out in ex-

tracurricular activities using a system of traditional and innovative technologies, methods and forms of work with students. The choice of pedagogical tools to achieve this goal primarily depends on the age of the students. In determining the optimal technologies and types of work for the development of students' «soft» skills, we considered the goals and features of extracurricular activities, as well as their types. Game technology is considered as an effective method of learning that promotes the acquisition of new skills. In this regard, carried out an analysis of the popular pedagogical phenomenon of the quiz-game. It effectively develops students' "soft" skills. This is facilitated by emotional attraction, a non-standardized environment, the possibility to apply the acquired knowledge in the educational process, as well as improving teamwork, communication, critical thinking and non-standard thinking skills. Therefore, quiz games were chosen as a tool for the formation of these important skills. Thus, in the course of the study we have identified the relationship between the participation of students in intellectual games in the format of "quiz" and the formation of competencies such as cooperation, communication, creativity and critical thinking at a high level.



Keywords: soft skills, collaboration, communication, creativity, critical thinking.

Материал баспаға 08.12.2024 келіп түсті